

қарамастан, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ұйым) барлық түрлерінің қызмет тәртібін айқындайды. Z070319

2. Ұйым мектепалды даярлықтың, жалпы бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта білім берудің негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын іске асырады.

Ұйым үздіксіз білім беру жүйесінің негізгі буыны болып табылады және Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі - МЖБС) шегінде тегін жалпы орта білім алудың мемлекет кепілдік берген құқығы мен мүмкіндігін ұсынады.

3. Ұйым қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, өзге де нормативтік құқықтық кесімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге және олардың негізінде әзірленген жарғыларға сәйкес жүзеге асырады.

4. Ұйымның негізгі міндеттері:
оқушылардың білім беру бағдарламаларын игеруі үшін жағдай жасау;
оқушылардың тиісті МЖБС-да көзделген деңгейден төмен емес білім, машық пен дағдыларды алуын қамтамасыз ету;
жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке тұлға ретінде дамуына жағдай жасау жолымен зердесін б а й ы т у ;

азаматтылық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге т ө з б е у ш і л і к к е т ә р б и е л е у ;

оқушылардың республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттілігін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік, орыс және шетел тілдерін меңгеру;
оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беру ұйымдарының қызметін ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу.

5. Жалпы орта білім берудің қол жетімділігі мен түрлендірмелігін қамтамасыз ету, азаматтардың бейімділіктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтарына, денсаулық жағдайларына сәйкес олардың оқуына, тәрбиеленуіне және дамуына

қолайлы жағдай жасау мақсатында ұйымдардың әр алуан түрлері құрылуы
м ү м к і н .

6. Жеке тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері ескеріліп отырып, білім беру бағдарламалары мынадай: күндізгі, сырттай, кешкі, қашықтықтан оқыту, экстернат ны с а н д а р ы н д а иг е р і л е д і .

Денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы жалпы білім беретін мектепке бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе емдеу ұйымдарында жеке тегін оқыту ұйымдастырылады.

2. Ұйымның қызметін ұйымдастыру

7. Мектептегі білім беру процесінің субъектілері оқушылар, педагогикалық қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері болып т а б ы л а д ы .

8. Азаматтарды ұйымдарға оқуға қабылдаудың жалпы тәртібі мен ережелерін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы б е л г і л е й д і .

Ұйымға осы ұйымға бекітілген аумақта тұратын және тиісті сатыда білім алуға құқығы бар барлық азаматтарды қабылдауды қамтамасыз ететін жалпы бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта білім беру сатыларына қабылдау тәртібін құрыл т а й ш ы б е к і т е д і .

9. Ақылы білім беру қызметін іске асыратын мемлекеттік емес ұйымдардағы оқушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің өзара қарым-қатынастары оқу мерзімін, оқуы үшін төлем мөлшерін, өзге де жағдайларды айқындайтын шартпен реттеледі.

10. Ұйымдардың үлгілері мен түрлері бойынша сыныптардың (топтардың) толықтырылуын білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы а й қ ы н д а й д ы .

11. Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің мүдделерін ескере отырып, жергілікті білім беруді басқару органдарының келісімі бойынша ұйымда орнын толтыра оқыту сыныптары ашылуы мүмкін (орнын толтыра оқыту - бұл жалпы білім беру бағдарламаларын игеруде қиындыққа ұшырайтын балаларға

ұйымның жағдайына бейімделмеудің алдын алуға мүмкіндік беретін оларды тәрбиелеу мен оқыту ерекшеліктеріне барабар жағдай жасау).

12. Ұйым жергілікті атқарушы органның ұсынысы бойынша, бекітілген аумақ шегінде мектепке дейінгі жастағы және мектеп жасындағы балаларды дербес (аты-жөні бойынша) есепке алуды жүргізеді.

13. Мектепалды сыныптарға ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне бес немесе алты жасқа толған балалар, 1-сыныпқа ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне алты немесе жеті жасқа толған балалар қабылданады.

Қабылдау ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің жазбаша өтініші, медициналық анықтамасы және туу туралы куәліктің көшірмесі негізінде жүзеге асырылады.

14. Мемлекеттік қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен ұйымдардың негізгі және жоғарғы сатысындағы бітірушілеріне (бұдан әрі - бітірушілеріне) ұйымның мөрімен расталған білімнің тиісті деңгейі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат (бұдан әрі - құжат) беріледі.

Жалпы негізгі және жалпы орта білімнің жалпы білім беру бағдарламаларын игеруде ерекше жетістіктерге қол жеткізген бітірушілерге үздік бітіргендігі туралы құжаттар беріледі.

Білім алуды аяқтамаған бітірушілерге нысанын білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы бекітетін белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

15. Мемлекеттік күндізгі жалпы білім беретін оқу орындарынан 16 жасқа дейінгі балаларды ерекше жағдайларда білім беруді басқару органдарының шешімі бойынша, заңға қайшы әрекеттер жасағандығы, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғандығы үшін оқудан шығаруға жол беріледі. Жетім балаларды және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды оқудан шығару туралы шешім қамқоршы және қорғаншы органдардың келісімімен қабылданады.

16. Ұйымның персоналын жинақтау тәртібі оның жарғысымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

17. Ұйымға педагогикалық жұмысқа мамандығы бойынша біліктілік сипаттамасының талаптарына сәйкес келетін және білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған қажетті кәсіптік-педагогикалық біліктілігі бар

т ұ л ғ а л а р

қ а б ы л д а н а д ы .

Тиісті кәсіптік білімі жоқ адамдарға ұйымның педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша қажетті мамандар болмаған жағдайда ғана педагогикалық қызметпен айналысуға құқық беріледі.

Ұйымдағы педагогикалық қызметке соттың үкімі бойынша оған тыйым салынған адамдар жіберілмейді.

Кәсіби педагогикалық қызметпен айналысатын адамдардың біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан лауазымына сәйкес болмаған жағдайда, сондай-ақ педагогикалық қызметті жалғастырумен сыйыспайтын заңға қайшы әрекеттер жасаған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес педагогикалық жұмыстан босатылады.

18. Мұғалімнің жұмыс уақыты мектептің ішкі еңбек тәртібіне сәйкес айқындалады.

3. Білім беру процесі

19. Ұйым білім беру процесін жалпы орта білім берудің үш сатылы жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады: бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі (5-9 сыныптар) және жоғары (10-11 (12) сыныптар).

20. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған ұйымдарда мектепке дейінгі шағын орталықтар және бір жылдық мектепалды сыныптар ашылуы мүмкін.

21. Мемлекеттік оқу орындарындағы оқушылар мен тәрбиеленушілерді оқулықтармен қамтамасыз ету:

жыл сайын оқулықтарды мектеп кітапханалары арқылы қайтарымды негізде тегін пайдалануға беру жолымен;

оқулықтарды бөлшек саудада сатып алу жолымен жүзеге асырылады.

Мектеп кітапханаларынан қайтарымды негізде оқулықтарды тегін пайдалануға жыл сайын мыналар:

интернат ұйымдарының тәрбиеленушілері;

жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; мүмкіндіктері шектеулі, мүгедек, бала күнінен мүгедек балалар;

мемлекеттік әлеуметтік атаулы көмек алуға құқығы бар отбасының балалары;

көп балалы отбасылардың балалары;

жан басының кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен мемлекеттік әлеуметтік атаулы көмек алмайтын отбасының балалары;

денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы емдеу ұйымдарында

жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша оқитын балалар алады.

22. Жалпы бастауыш білім беру (1-саты) оқушылардың оқу, жазу, санау, оқу қызметінің негізгі машықтары мен дағдыларын, теориялық ойлау элементтерін, оқу әрекеттерін өз бетінше бақылаудың қарапайым дағдыларын, мінез-құлық және сөйлеу мәдениетін, жеке гигиена мен салауатты өмір салтының негіздерін меңгеруін қамтамасыз етеді.

23. Жалпы негізгі білім беру (2-саты) арнайы пәндік білімдердің негіздерін қалайды, оқушының жеке тұлға ретінде танылуына және қалыптасуына, оның бейімділігінің, қызығушылығының және әлеуметтік өзін-өзі тану қабілетінің, оның базалық білім алуына жағдай жасауды қамтамасыз етеді.

Жалпы негізгі білім беру жалпы орта білім алуға, кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім алуға негіз болып табылады.

24. Жалпы орта білім беру (3-саты) жалпы білім беретін пәндер бойынша дайындықтың міндетті және қорытынды кезеңі болып табылады, оқушылардың орнықты танымдық қызығушылықтары мен шығармашылық қабілеттерін дамытуды, саралап оқыту негізінде өз бетінше оқу қызметінің дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Осы сатыда бейінді оқыту және оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттерін және кәсіптік бағдарлануын іске асыруға бағытталған таңдау бойынша оқыту жүзеге асырылады.

25. Ұйымдардың жоғары сатыдағы, соның ішінде өзбек, ұйғыр және тәжік тілдерінде оқитын бітірушілерді мемлекеттік қорытынды аттестаттауды жүргізудің тәртібін Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы айқындайды.

26. Жалпы бастауыш және жалпы негізгі білім беру сатыларындағы, үш немесе одан да көп пәндер бойынша оқу жылының бағдарламасын игермеген оқушылар қайтадан оқытуға қалдырылады немесе медициналық-педагогикалық комиссияның ұсынымы бойынша және ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен орнын толтыра оқыту сыныптарына ауыстырылады.

1-сынып оқушылары медициналық-педагогикалық комиссияның ұсынымы бойынша және ата-аналарының келісімімен екінші жылға қалдырылуы мүмкін.

Оқу жылының қорытындысы бойынша 1-2 пән бойынша академиялық қарызы бар жалпы орта білім беру ұйымының бастауыш және негізгі

сатыларындағы оқушылар келесі сыныпқа жазғы тапсырмаларды орындағаннан және емтихандарды тапсырғаннан кейін көшіріледі.

27. Ұйымдар өздерінің жарғысымен анықталған оқыту нысандарын, құралдарын және әдістерін дербес таңдайды.

28. Ұйымда білім беру процесін ұйымдастыру оқу жоспарының негізінде құрылады, жылдық күнтізбелік оқу кестесімен және сабақтар кестесімен р е г л а м е н т т е л е д і .

29. Нақты ұйымда білім берудің мазмұны МЖБС-қа сәйкес әзірленетін және іске асырылатын жұмыс бағдарламаларымен және оқу жоспарларымен а й қ ы н д а л а д ы .

Базистік оқу жоспарының түрлендірмелік бөлігінің құрамына кіретін және нақты ұйымның ерекшелігін көрсететін оқу пәндері бойынша оқу жұмыс жоспарын және бағдарламаларын әзірлеуді ұйым дербес жүзеге асыруға құқылы.

30. Мемлекеттік емес ұйымда жылдық күнтізбелік оқу кестесі оның жарғысымен а й қ ы н д а л а д ы .

31. Ұйымда сабақ кестесін оның басшысы немесе оны ауыстыратын адам б е к і т е д і .

Кестеде оқу сабақтарының күнделікті саны, ұзақтығы және реті көрсетіледі.

Ұйымдағы сабақтың ұзақтығы - 45 минут (орнын толтыра оқыту сыныптарында - 40 минуттан аспайды).

Ұйымның талаптарына балаларды бейімдеу процесін жеңілдету мақсатында 1-сыныптарда оқу жүктемесін біртіндеп өсіре отырып, оқу сабақтарының "сатылы" р е ж и м і қ о л д а н ы л у ы т и і с :

1-тоқсанда ұзақтығы 35 минуттан - 3 сабақ, 2-тоқсаннан бастап әрқайсысының ұзақтығы 35 минуттан - 4 сабақ.

Ұйымдардағы оқу кестесі оқушылар мен тәрбиеленушілердің тамақтануы мен белсенді демалысы үшін ұзақтылығы жеткілікті үзілісті көздеуі тиіс.

Ұйымдарда оқу сабақтары сағат 8-ден ерте басталмауы керек.

32. Оқушылардың оқу жүктемесі мен сабақтар режимі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар, денсаулық сақтау және білім беру органдарының оқу жоспарлары мен ұсынымдары негізінде дайындалған ұйым бекітетін е р е ж е л е р м е н а й қ ы н д а л а д ы .

33. Мектепке дейінгі шағын орталықтардағы және мектепалды сыныптардағы білім беру процесі мектеп жасына дейінгі балаларға тән қызмет түрлерін: ойындар, құрастыру, бейнелеу, музыкалық, театрландырылған және басқа да қызметті ескере отырып жүзеге асырылады, сондай-ақ балаға жеке тұрғыдан карауды іске асыру мүмкіндігін, олардың жастық және психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, әр түрлі кіші топтармен жүргізілетін жұмыстарды к о з д е й д і .

34. Ұйымдағы тіл саясаты Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

35. Ұйымдар уағдаластық бойынша кәсіпорындармен, мекемелермен, өзге де ұйымдармен бірлесіп, сондай-ақ дербес қосымша білім беру қызметі ретінде, оның ішінде төлемақы үшін кәсіптік бастауыш даярлықты жүргізе алады.

4. Ұйымды басқару

36. Ұйымды басқару Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Ережеге және ұйымның жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

37. Ұйымды алқалық басқарудың нысандары педагогикалық кеңес, оқу-әдістемелік кеңес, қамқоршылық кеңесі және басқалар болып табылады, оларды сайлау тәртібін қоса алғанда, оларды ұйымдастыру ережелерін білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы бекітеді.

Ұйымды тікелей басқаруды құрылтайшы тағайындайтын директор жүзеге а с ы р а д ы .

Ұйымның директоры үш жылда бір рет білім беру саласындағы Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен а т т е с т а т т а у д а н ө т е д і .

Мемлекеттік ұйымның директорына оның лауазымын ұйымда немесе одан тыс жерде басқа басшы лауазымдармен (ғылыми және ғылыми-әдістемелік жетекшіліктен басқа) қоса атқаруға болмайды.

38. Ұйымды таратқан немесе қайта ұйымдастырған кезде құрылтайшы олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімі бойынша таратылатын ұйымдар оқушыларының басқа ұйымдарда оқу жылын аяқтау үшін ш а р а л а р қ а б ы л д а у ғ а м і н д е т т і .

39. Ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шетелдік білім беру ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен тікелей байланыстар орнатуға; ынтымақтастық туралы екіжақты және көпжақты шарттар жасасуға, білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға (қауымдастықтарға) кіруге құқығы бар.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК